


Сабақтың тақырыбы:  
Ұлттық экология  
бастаулары.  
Экологиялық  
мәдениет және тыйым  
сөздер



# Өткен бөлімді қорытындылау

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өткен сабақтардан білгеніңді, үйренгеніңді жаз.

| Қазақстанның мәдени өмірі туралы білгенің | Сен білетін шебер режиссерлер | Сен танысқан театр фестивалі | Тарихи шығарманы сахналауға қажет қасиет | Д.Исабековтің «Әпке» драмасындағы негізгі ой |
|---|-------------------------------|------------------------------|--|--|
|   |                               |                              |  |  |
|   |                               |                              |  |  |
|   |                               |                              |  |  |
|   |                               |                              |  |  |



## АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Театр фестивальдары не мақсатпен өткізілетінін дәлелдеп айт. Ойыңды айтуда төменде берілген сөздерді пайдалан.

Қасиет, < күдірет, қойылым, түсіндіру, ұғу, ындыру, ынталандыру, насихаттау, сол үшін, таңдау



[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

com

## ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- аудиомәтіннің үзінділері бойынша болжам жасау;
- мәтінде қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтінге сүйеніп, монолог, диалог құру;
- сөз әдебі мен сөйлеу әдебі формаларын орынды қолдану;
- мәнерлеп сөйлеу;
- мәтіндердің стилін ажырату;
- тезис жазу, сұхбат құру;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құру, тірексызба жасау;
- сан есімнің түрлерін мәтін құрауда орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**



## МАТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

ғалам, экожүйе, тәртіп,  
Жер ана, өркениет

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қарап, сабақта қандай мәселелер туралы айтылатынын болжап айт.



## АЙТЫЛЫМ.


*2-тапсырма.* Сызба бойынша экология мен табиғат құбылыстарының байланысын мәтін түрінде айтыңдар.



Экология – тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың сыртқы орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ғылым.

Экология – гректің “oikos”- үй, мекен жай және “logos”- ілім деген сөздерден алынған және ол терминді 1866 жылы неміс ғалымы Э.Геккель ғылымға алғаш рет енгізеді.

Қазіргі таңда Жер бетіндегі бүкіл адам баласын ерекше толғандырып отырған ең басты мәселе – ғаламдық деңгейдегі экологиялық мәселелер болып отыр. Сондықтан да, әрбір мемлекет бұл мәселелерді негізгі мемлекеттік міндеттердің бірі деп қарастырады. Осыған орай , елімізде қордаланған экологиялық жағдайларды жақсарту шараларына айрықша мән беріліп, 2007 жылдың барысында Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі туралы Заң қабылданды.




# Қазақстанның экологиялық проблемалары

Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігі проблемалары және қоршаған ортасының жағдайына ғаламдық, ұлттық, жергілікті деңгейде қаралуын қарастырады.

**Ғаламдық экологиялық проблемаларға** климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы жатады.

**Ұлттық экологиялық проблемаларға** экологиялық апатты аймақтар: Каспий теңізі қайраны ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға болады.

**Жергілікті экологиялық проблемаларға** ауа бассейнінің ластануын, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады.



[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

com



## САН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

**Сан есім** — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады, заттанғанда көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі.

Сан есімдердің жасалуы:

- **есептік сан есім** өзге сан есімдердің жасалуына негіз болады (бір, екі);
- **реттік сан есім** есептік сан есімдерге **-ыншы, -інші** (бір+*інші*, екі+*нші*) жұрнағы жалғану арқылы;
- **жинақтық сан есім** бірден жетіге дейінгі есептік сан есімге **-ау, -еу** (бір+*еу*, алт+*ау*) қосымшасы жалғану арқылы;
- **топтық сан есім** **-дан, -ден, -тан, -тен** (алты+*дан*, жүз-жүз+*ден*) қосымшалары жалғану арқылы жасалады.
- **болжалдық сан есім** есептік сан есімге көптік жалғауы қосылуы (*қырықтарда, үштерде* т.с.с.), **шамалы, шақты, жуық** және т.б. сөздер тіркесуі арқылы (*жүз шақты, елуге жуық, отыз шамалы* т.с.с.) жасалады;
- **бөлшектік сан есім** — заттың бөлшектік санын білдіреді, бүтіннің бөлшегі, **шығыс септік** жалғауы мен **тәуелдік жалғаулы** сөздің тіркесінен (*оннан екі бөлігі*) жасалады.



# ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Туынды сан есімдерді қолданып, экологияға қатысты алты сөйлем құрап жаз.

Мысалы:

- Қалаларда лас заттардың концентрациясы жыл бойынша белгіленген мөлшерден **бес-сегіз** есе артады.
- Қазіргі таңда халықаралық **он шақты** экологиялық ұйымның бірқатары Қазақстанда жұмыс жасайды.
- Гринпис («Жасыл әлем») - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы **бір мың тоғыз жүз жетпісінші** жылы құрылған.



[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

[com](http://www.ZHARAR.com)

мырс  
аны илеуін б□зба», «□□сты □ясын б□  
зба», «А  
**ТҮЙІНДІЛІМ.**

4-тапсырма. Аңызды тыңда.  
уды атпа» және т.б.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**АЙТЫЛЫМ.** 5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұ<sup>^</sup>  
рақтарға жауап бер.

1. «Жоңғ., ар шапқыншылары», «жұқ рт», «шабуыл»,  
«бейкүнә» сөздерінің қандай синонимдері бар?
2. Мәтінде не туралы айтылғ., ан?
3. Оқиғ., а қай кезеңде болғ., ан?
4. Төле би — кім? Оның даналығ., ы неден көрінеді?
5. Осы аңыздан тақырыпқа қатысты қандай ой түюге  
болады? Болжам жаса



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Тыйым сөздерді жаз, мағынасын ашып түсіндір.

- Суға байланысты тыйым сөздер: «Су%00ға түкірме», «суды лайлама», «түнде суғ%00а барма» және т.б.
- Өңсімдікке байланысты тыйым сөздер: «Көкті ж†ұлма», «Көкті таптама», «А%00 ғашты кеспе» және т.б.
- Жан-жануарға қатысты тыйым сөздер: «Құ†мырсқаның илеуін бұ†зба», «кұ†стың ұ†ясын бұ†зба», «Аққуды атпа» және т.б.



[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

com

## ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

### Табиғатқа қатысты тыйым сөздер

«Тыйымсыз елдің жасы жүгенсіз», — деп айтылатын қазақ мәтелінің астарында қоғамдық-практикалық тәжірибеден туған ой-тұжырым (концепция) бар.

**Тыйым сөздердің** басым бөлігі ғаламдағы табиғат пен адамның қарым-қатынасына арналған. Ата-бабаларымыз табиғат сырын терең тануға құштар болды. Бұл — халықтың өмір-салтына **өзгеріс** әкелді. Сөйтіп, ізгілікті ортаның қалыптасуына қызмет етті. Табиғатқа қатысты тыйымдардың қатарына қоршаған ортаға, жануарлар дүниесіне, өсімдік әлеміне, аспан денелеріне қатысты әрекеттері мен сөздерін жатқызуға болады. Мысалы, «Жұлдызды санама», «Айға қарап қолыңды шошайтпа», «Көкті жұлма», «Күн шыққан соң ұйықтама», «Бейуақытта жатпа» және т.б.

Сондай-ақ «жылан» демей, «қамшы» дейтін, «қасқыр» демей, «ит-құс», «көкжал», «бөрі» деудің орнына «ұлыма» дейтін, «арыстан» демей, «аң патшасы» дейтін, «бүркіт» демей, «құс төресі» деген секілді сөздер де табиғатқа қатысты тыйымға жатады. «Олардың атын тікелей атауға болмайды» деген түсінік бар. Мұндай тыйым сөздер қазіргі лингвистикада, ғылым тілінде «табу сөздер» деп аталып жүр.

Адам қоғамы табиғатқа бейімделу арқылы ғана өзгеріс жасай алады. Ал табиғат ешқашан адам қоғамына бейімделмейді. Кең далада мал баққан, қыран құс, құмай тазы ұстаған елдің өкілдері Жер анаға **зардап** әкелмеген. Даланың сұлулығына **нұқсан** келтірмеген. Аңның әрекеті мен құстың ұшуына қарап, табиғаттың құбылуына қатысты болжам жасаған. Осылайша, көшпелі елдің мәдениетінде дала заңы пайда болған. Оны еш жерде хаттап, арнайы жазбаса да, ұрпағына қалдырған. Табиғатпен арадағы ізгі қатынастың орнауына құрал етіп қолданған.

Жалпы алғанда, қазақтың дәстүрлі тыйымдарын адамға, қоғамға, табиғатқа қатысты топтастыруға болады. Әрбір тыйымның астарынан халық даналығы танылады. Тыйым сөздердің мән-мағынасын жан-жақты түсінген адам үшін табиғаттың тылсым сыры ашылып, оның **экожүйесінің** бір қырын түсінуге жол ашылады.

Б. Айдарұлы

WWW.ZHAKAR.

com



## ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!**



# Халықаралық экологиялық ұйымдар

Бүгінгі таңда халықаралық қатнастарда халықаралық ұйымдардың алатын орны өте үлкен әрі маңызды болып табылады. Оның себебі осы ұйымдар арқылы көптеген қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер төңірегіндегі даулы жағдайлар бейбіт жолмен шешуге қол жеткізіледі. Ол әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте жоғары қарқын дамып қазіргі кезде әлемде көптеген халықаралық ұйымдар қызмет істеуде. Халықаралық экологиялық байланыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының әсіресе оның мамандандырылған бөлімдерінің ролі жоғары болып табылады. Адамды қоршаған табиғи ортаны қорғау осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан шығады.


Халықаралық ұйым дегеніміз – халықаралық шартқа байланысты құрылған, бір мақсатқа жету үшін тұрақты органдары бар, мүше мемлекеттердің мүддесін көздейтін мемлекеттердің бірлестігі болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар; Табиғаттың жекеленген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.)

Функционалды атқаратын қызметіне байланысты ұйымдар: ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-ақпараттық, құқықшығармашылық-консультативтік және тағы басқа.

Пәндік жіктеуден басқа халықаралық ұйымдар құқықтық статусына және өкілеттігінің қолдану аумағына байланысты бөлінеді. Қолдану аумағына байланысты: глобалді және региональді болып бөлінеді.





# Экологиялық ұйымдар

**ВВФ**

**Гринпис**  
(«Жасыл әлем»)

**«Робин Вуд»**

**ФАО**

**ВОЗ**

**МСОП**

**ВФОП**



**ВВФ** - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы» - Некст стол .



**Гринпис («Жасыл әлем») - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. 1970 жылы құрылған. 17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.**



**«Робин Вуд» - германиялық  
жастардың «қышқыл  
жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ.**



**ФАО** - Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық және азық-түлік проблемаларымен айналысатын органы. Өзінің тікелей міндетінен басқа жануарлар дүниесі мен ормандарды қорғау ісімен және қоғамдық табиғатты қорғау ұйымдары мен ұлттық парктардың қызметкерлерінің білімі мәселесімен айналысады.



**ВОЗ** - Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ғаламшардағы адамдардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселесімен және медициналық қызметкерлердің білімімен айналысады.



**МСОП - Халықаралық  
табиғатты қорғау және табиғат  
ресурстары ұйымы.**



**ВФОП** - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйені сақтау проблемасымен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын және т. б. шараларды ұйымдастырады.







# Қашаған ақынның өлеңі

**Жаның сая табатын**  
Орман болған бұл ағаш.  
Қорыққанда **жалғызға**  
Қорған болған бұл ағаш.  
Қолы алтын шеберге  
**Кәсіп** болған бұл ағаш.  
**Нәрестеге бейкүнә**  
Бесік болған бұл ағаш.  
Найзасына батырдың  
**Сап** та болған бұл ағаш.  
Кәрі менен **жесірге**  
Қуат болған бұл ағаш.

